

№1 дәріс. Ғылым тілі. Мамандану тілі. Негізгі ұғымдар. Мәні, ерекшелігі.

Ғылым тілі – ғылым негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы. Адам, қоғам, табиғат жөнінде ақиқат ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін. **Ғылым тілі** көптеген ғылыми зерттеулерде ғылыми стильмен теңестіріледі. **Ғылым тілі** жазумен тікелей байланысты. Өйткені ғылыми стиль жазу арқылы танылады. **Ғылым тілі** әдеби тілдің бір тармағы болғандықтан оның пайда болуы мен қалыптасуы сол әдеби тілдің жасалуына тікелей қатысты.

Тілдің ерекшелігі оның ең басты қызметі – қатынас құралы болуынан келіп туады. Қоғам мүшелерінің өзара пікір алысуы тіл арқылы іске асады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып, не жазып жеткізеді. Тыңдаушы да сөйлеушінің ойын тіл арқылы түсінеді.

Ғылым тілі – кең мағыналы ұғым, ол бір ғана терминологиямен шектелмейді. Терминология ғылым тілінің негізінде бөлініп, өз алдына отау тіккен, енді қалыптасып келе жатқан сала. Сондықтан терминдердің қолданылуы, қалыптасуы, біріздендірілуі т.т. мәселелер әлі де зерттеліп, болашақта жалғасын таба бермек.

Ғылым тілі – әдеби тілдің жетілгендігін, дамығандығын танытатын оның құрамдас бөлігі. Академик Ә.Қайдардың сөзімен айтсақ, *«Ғылым тілі – бүгінде әдеби тіліміздің ең сүбелі саласы, жон арқасы», «Ғылым тілі қалыптаса алмаған әдеби тілді толыққанды әдеби тіл деп айтуға болмайды».*

Ө.Айтбайұлының ғылым тіліне берген анықтамасына назар аударайық: *«Ғылым тілі – ғылыми негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің бір түрі. Ғылым тілі әдеби тілдің бір түрі. Мұны Ә.Қайдар мен Ө.Айтбаевтың келтірген пікірлерінен де аңғарамыз. Адам, қоғам, табиғат жөнінде ақиқат ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін».* Сонымен бірге ғылым тілін дербес функционалды тіл ретінде қарастыратын көзқарастар бар. Орыс тілінің зерттеушісі В.П.Даниленко ғылым тіліне үлкен дербестік беріліп, ол өзінің элементтерінің құрамы мен қызметі жағынан «жалпы әдеби тілдің ғана емес, жалпы ұлттық тілдің де аясынан шығады» деп санайды.

Ғылым тілін түсінуде (немесе түсіндіруде), ілгеріде де ескертілгендей, тілдің қызметін ғана емес, ғылым саласындағы адамның іс-әрекетін де көрсеткен. Жалпы алғанда, ғылымның мәні шындық болмысты танудың ерекше үдерісін бейнелеуден көрінеді. Сол мақсатта тілдің коммуникативтік бағытталуы жүзеге асады. Тілдік құралдар негізінде қоршаған шындықтың құбылыстары мен үдерістері, олардың түрлі қасиеттері мен белгілері, өзара қатынастары мен байланыстары тілдік тұрғыдан тіркеледі. Бұл ғылыми тілдің лингвистикалық зерттеудің нысаны екендігін айқындайды, сонымен бірге ғылым тілінің шындық болмысты танудағы қызметін белгілейді. Ол қызмет тілдің ғылыми білімді жинақтау, сақтау, тарату әрекеттерімен тығыз

байланысты болып келеді және мынадай түрлерде көрінеді: 1) когнитивтік (ойлау); 2) аккумулятивтік (білімнің қорлануы); 3) коммуникативтік (мамандардың қарым-қатынасы, жаңа білім алу мен қалыптастыру).

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, ғылым тілі – қарым-қатынастың ғылыми аясында жасалатын лексика-грамматикалық жүйесі бар тұтас құрылым. «Ғылым тілі» ұғымының кең болатын себебі, ол ғылыми стильді танытатын тілдік құралдарды ғана емес, ғылыми ая (сфера) қатынасындағы барлық функционалдық-стильдік белгілерді, түрлерді қамтиды. «Ғылым тілі» ұғымы – ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және семантикалық құралдарының тұтас жүйесі.

Ғылыми стильдің қалыптасуында ХХ ғасырдың басы елеулі кезең болды. Бұл уақытта мәдени аренаға озық ойлы қазақ зиялыларының шығуы, олардың түрлі салада жазған еңбектері қазақ әдеби тілінің қолданылу аясы мен қызметін барынша арттырды. Сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорында да жүйелену, сөздердің стильдік белгілеріне қарай сұрыпталу үдерісі ерекше қарқынмен жандана бастады. Сөйтіп, ғылым тілінің өркендеуі ХХ ғасырдың бас шенінен өзгеше сипат алды.

20–30-шы жылдары қазақша *ғылым тілін* қалыптастыруда қазақ зиялыларының аса көрнекті өкілдері – Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Е.Омаров, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Қ.Кемеңгеров, Б.Майлин, Х.Басымов, Н.Төреқұлов, Т.Шонанов, Ә.Ермеков, С.Қожанов, Қ.Жұбанов, тағы басқалар – білім беру мен ғылымды ана тілінде дамытудың негізін қалады. Олар ғылымның әр саласында заман талабына сай өз мамандары жоқ кезде әрі аудармашы, әрі ғалым, әрі жазушы, әрі сыншы болып еңбектер жазды. Кейіннен, яғни 1920–30-шы жылдары, бұл еңбектерде қолданылған терминдер арқылы жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, ғылыми-техникалық әдебиеттер көп таралыммен қазақ тілінде басылып шықты.

Мәселен, А.Байтұрсыновтың 1912–1928-ші жылдардағы жарық көрген әліппелері, оқулықтары, жазу, емле, терминология мәселелері туралы жазылған сыни мақалалары, М.Дулатовтың «Есеп құралы» (1918–1925), М.Жұмабаевтың «Педагогикасы» («Балаға тірбие беру жолдары») (1922, 1923), Ж.Аймауытовтың «Тәрбие жетекшісі» (1924), «Психологиясы» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдауы» (1926), Е.Омаровтың «Пішіндемесі» (1924, 1928), «Физикасы» (1930), Х.Досмұхамедовтың «Жануарлары» (1922), «Табиғаттануы» (1922), «Адамның тән тірлігі» (1927), Қ.Кемеңгеровтың «Оқу құралы» (1928), «Қазақша-орысша тілмашы» (1927), С.Қожановтың «Есептану құралы» (1924), Ә.Ермековтің «Ұлы математика курсы» (1935), тағы басқа көптеген еңбектерді атауға болады.

Демек, *ғылым тілін* дамытуда жеке тұлғалардың, мәдениет қайраткерлерінің орны ерекше болды. Олардың түрлі ғылым салалары бойынша жазған еңбектері қоғам тарапынан үлкен ілтипатпен қабылданды. Осы орайда Ахмет Байтұрсыновтың есімі айрықша аталады. А.Байтұрсыновтың қазақ ғылымына сіңірген еңбегі оның ізбасарлары

тұрғысынан төмендегідей бағаланады: «Ахаң бірсыпыра ғылым түрін қазақ тілінде дамытты, әсіресе қазақ тіл білімін дамытып, оны қазақ тілінде сипаттады.

«Тіл – құрал», «Тіл жұмсар», «Әліп-би», «Оқу құралы», «Баяншы» сияқты оқулықтар шығарып, ғылыми-педагогикалық, проблемалық мақалалар жариялау арқылы ол қазақ тілін *ғылым тіліне* айналдырды. Ғылым – Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін іске қосқан тағы бір, төртінші, саласы».

Қазіргі кезде ғылым саласын қазақ тілінде өркендетуге үлкен мән беріліп отыр. Бұл қазақ тілінің ғылыми аяда қолданылуы жаңа қарқын алып, жандана бастауына өз ықпалын тигізді. Қазақ тіліндегі *ғылыми-техникалық* әлеует – Қазастан ғылымының құрамдас бір бөлігі. Түрлі салалардағы жарияланып жатқан ғылыми, оқу-ғылыми еңбектер қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі мүмкіншілігін танытатын тілдік көрсеткіштер және олардың тілін лингвистикалық тұрғыдан қарастыруға негіз болады.

Ғылым тілін зерттеу мен дамытуға байланысты мына мәселелерге назар аудару керек. Ол ғылыми ойлау, оның қыр-сырын анықтау, бүгінгі тіл білімінің жетістіктерін ғылым тілін зерттеуде пайдалану және ғылым саласында тілді қолдану мәдениетін жетілдіру мәселелері. Ғылыми мәтін мамандандырылған ақпарат беру қабылдау жағынан коммуникацияның өзге түрінен ерекше. *Ғылыми тілге тән мынадай белгілер болады: ғылыми мәтінде сөз желісі логикалық жүйеге бағынады, өзара бірімен бірі байланысты арнаулы ақпараттар баяндалады, сөз сипаттау түрінде болып, дәлдікке ерекше мән беріледі.*

Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайтынын ескерсек, адам қызметінің ғылыми саласы да тіл (сөйлеу) қызметі мен ой әрекетінің бірлескен кезінде ғана жүзеге асады. Сөйлеудің де, ғылыми қызметтің де нәтижесі – мәтін. Сондықтан тіл қызметін сөз еткенде ойлау мәселелерін назардан тыс қалдыру мүмкін емес.

Ғылыми тілі – ғылыми ақпараттың өмір сүруінің логикалық ұйымдасқан формасы. Ғылыми қызметтің ғылыми стильмен жазылған мәтінге айналуы бірден жүзеге аса қоймайды. Ғылыми ақпараттардың ғылыми стильге тән тілдік формаларда көрінуі үшін шығармашылық ойлаудың бірнеше кезеңін басынан өткереді. Сонда ғылыми ойлау тілдік формада көріну барысында ойлаудың басқа типтерімен, *әуелі интуитивті, стихиялы ойлау* түрлерімен де тығыз қарым-қатынаста болады. Субъективтіліктің де ғылыми туындының дайындалу барысында ықпалы кездесіп отырады. Ғылыми ойлау өз бастауын бұқаралық тәжірибеден алады. Өйткені бастапқы кезде көлемді ақпараттың өңделуі индивидуалдық, эмоционалдық деңгейде жүргізіліп, ықшамдалған жүйелі қалыпқа ене қоймайды. Оның өз психологиялық жеке моменттері болады. Зерттеуші ғылыми мәтіннің шынайы (идеалды) бейнесін (моделін) құрастыру үшін дайындық кезеңін өткізеді.

Ғылыми шығарманың толық тілдік формаға көшуі, яғни ғылыми стильмен жазылған туындыға айналуы, – бұдан кейінгі кезеңнің жемісі. Мұнда зерттеушінің шығармашылық ойлауы психологиялықтан қатаң

логикалылыққа, объективтілікке, стихиялылықтан жүйелілікке ауысады. Ғылыми баяндаулар айқын синтаксиске негізделіп, сөздердің орын тәртібінің сақталуында логикалық бірізділік орын алады. Бұл сәтті коммуникативтік кезең деп атайды. Ғылыми ой жаңа білім ретінде логикалық жолмен жасалған ақпарат пен құрылымдар арқылы танылады, тіл соларды неғұрлым дәл бейнелеу үшін, жеткізу үшін қолданылады. Ғылыми шығарманың авторы жалпыға бірдей қабылданған жағдайларға сүйене отырып, зерттеу нысанының негізгі белгілерін айқындайды. Олар пайымдаулар мен дәлелдеулерді нақты жеткізуге, дамытуға ұмтылады, мәселені логикалық жүйелілікпен баяндап, ғылыми абстракция жасайды, ғылыми ой мен ғылыми тілдің ажырамас бірлігі – ғылыми мәтінді тудырады.

Сөйтіп, ғылыми стильде шығармашылық ойлау ғылыми стильді ұйымдастырушы, қалыптастырушы негізгі экстралингвистикалық фактор ретінде орын алады. Ойлау қызметі ғылыми салада қолданылатын тілдік жүйенің сұрыпталуына ықпал ететін тәсіл болып табылады. Ойлаудың өзі динамикалық құбылыс болғандықтан, тілдік формада ғылыми мәтіннің тууы ойлаудың бірнеше сатысынан кейін ғана жүзеге асады. Жоғарыда айтылғандарды ескере келіп, ол үдерісті мынадай кезеңдерге бөлуге болады: 1) шығармашылық ойлаудың коммуникативтілікке дейінгі кезеңі; шығармашылық ойлаудың коммуникативті кезеңі.

Нәтижесінде ғылыми тілдік шығарма дүниеге келіп, ғылым кеңістігін жаңа ақпараттармен толықтырады.

Ғылыми саладағы қарым-қатынастың негізгі бірлігі болып табылатын ғылыми мәтінді, оны интерпретациялаудың тетіктері (мәселен, прагматикалық факторлар – болжам, түсініктілік деңгейі, бағалауыштық мәндер), субъект категориялары (адресант және адресат факторлары) терең зерттеуді қажет ететін мәселелер болмақ.

Келесі бір жайт – ғылыми тіл мәдениетін игеру. Ғылыми тілдің мәдениеті жаңа білімді бұрынғы белгілі білім контексінде дәлдікпен, логикалық жағынан жүйелі, эстетикалы түрде жеткізуде болса керек, сондай-ақ ол білімді адресаттың нәтижелі қабылдауы да ескеріледі. Ғылыми тілдің коммуникативті мәнін дұрыс түсіну және оның тіл мәдениетін шынайы игеру ғылыми шығармашылықтың нәтижелілігіне жетелейтін қажетті алғы шарт. Сондықтан ғылыми тіл мәдениетінің нормаларын жетік білу – ғылыми ізденіспен айналысатын әрбір маманның міндеті. Сонда ғана ғылыми қарым-қатынас аясында тілді қолданудың шеберлігіне қол жеткізуге болады. Әдеби тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымын жете білетін, сөз қолдану амал-тәсілдерін еркін игерген тәжірибелі маман ғылыми тілдің нормасына қайшы ауытқулардың өзін орнымен қолдана отырып, ізденістің нәтижелілігіне қол жеткізеді. Ғылыми тілдің нормаларын игеру арқылы әдеби тілдің көп түрлілігі, оның нормаларының сан алуандығы айқындала түседі.

Мамандық тілі

Мамандық тілі – мамандықпен шектелген қарым-қатынас саласында қолданылатын барлық тілдік құралдардың жиынтығы.

Мамандық тілін қолданудың негізгі мақсаты – белгілі бір салада жұмыс істейтін адамдардың өзара түсіністігін қамтамасыз ету. Кәсіби қарым-қатынас саласының тілі жазбаша болсын, ауызша болсын, диалогтік түрде беріледі, өйткені кәсіби сала әрқашан проблеманы, нақты мәселені немесе фактіні талқылауды қамтиды.

Мамандану тілінің бірнеше ерекшеліктері бар:

- шындықты бейнелеу және білімді сақтау (эпистемикалық функция)
- жаңа білімді меңгеру (танымдық қызмет);
- арнайы ақпаратты беру (коммуникативтік функция).

Мамандық тілінің үлгілері (моделі):

- техниканың кәсіби тілдері саласы үшін: ғылым тілі (теория тілі, арнайы терминология тілі), өндіріс тілі (сауда тілі, кәсіби сөйлеу тілі, шағын салаларға мамандандырылған нақты өндіріс тілі);
- саяси кәсіби тіл үшін: ғылыми тіл, іскерлік тіл, кәсіби сөйлеу тілі;
- химияның кәсіби тілі үшін: ғылыми тіл, зертханаларда қолданылатын жаргон, оқулықтар тілі, оқытушылар тілі;
- медициналық кәсіптік тіл үшін: ғылыми тіл, кәсіби сөйлеу тілі, оқулықтар тілі, практика тілі немесе емхана тілі.

Әдебиеттер тізімі

1. *Қайдаров Ә.Т.* Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер және олардың аудармалары. — Алматы: Ғылым,— 10, 11-б.
2. *Айтбайұлы Ө.* Ғылым тілі // Қазақ тілі: Энциклопедия. — 1998. — 88-б.
3. *Даниленко В.П.* Русская терминология. Опыт лингвистического описания. — М.: Наука, 1997. — С.
4. *Суперанская А.В.* Литературный язык и терминологическая лексика // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. — М.: Наука,
5. *Әбілқасымов Б.* XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі (Баспа нұсқалар тілі негізінде). — Алматы: Ғылым, 1982. — 65-б.
6. XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. — Астана: Елорда, 2000. — 258, 259-б.
7. *Хасанұлы Б.* Қазақ тілін дамытудың Ахмет Байтұрсынұлы негіздеген жолдары және тілдің мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыру мәселелері // Мемлекеттік тіл: бүгінгі мен болашағы: Жин. — Астана: Елорда, 1998. — 127-б.
8. *Қайдаров Ә. Т.* Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер және олардың аудармалары. — Алматы: Ғылым, 1990.

Үй тапсырмасы: Профессор Абдуали Баешовтың «Түркістан» газетіне берген «Ғылымы жоқ елдің болашағы жоқ» атты сұхбатымен танысу.